



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмагүл ықшам ауданы 15 А
Телефон: (727) 258-18-00/01/02, 2258 ұялы байланыс операторлары үшін тегін желісі

**ҚЫЗМЕТІ ҮШІН
ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТИРУ ҚАУПІМЕН
БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТИЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ

Директорлар Кеңесімен бекітілді

хаттама № 02-01/30 «08» 07 2021 жыл

Күшіне енүі «08» 07 2021 жыл

Алматы қ., 2021 жыл

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты обьектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

МАЗМҰНЫ:

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.....	4
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ.....	4
4.	ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРУ ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТІЛЕР	4
5.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ	4
6.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ	5
7.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ.....	5
8.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.....	5
9.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	6
10.	САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ	6
11.	САҚТАНУШЫНЫҢ, САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ, ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	6
12.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ	8
13.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ	10
14.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ.....	10
15.	САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ	11
16.	ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.....	11
17.	ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРУ ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТІЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	12
18.	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	12
19.	ҚОСЫМША ТАЛАПТАР	12

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Сақтандырушы») осы Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – «Ереже») және Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі № 580-II «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» заңы (бұдан әрі – «Зан») негізінде қауіпті өндірістік фактор өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірген үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету мақсатында қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі – «Сақтандыру шарты») жасады.

1.2. Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1.2.1. **апат** – гимараттардың, құрылыштардың және (немесе) қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың кирауы, бакылауга болмайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шыгарындысы;
- 1.2.2. **оқиға** – аварияға алып келмеген, қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың жұмыс істемей қалуы немесе бүлінуі, технологиялық процесті жүргізуіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін параметрлерден ауытқу;
- 1.2.3. қауіпті өндірістік фактор – қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар, оқиғалар кезінде туындастын, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіретін физикалық құбылыс;
- 1.2.4. **қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі** – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіге меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа да занды негізде иелік ететін жеке және (немесе) занды тұлға;
- 1.2.5. **қауіпті өндірістік фактор** - жазатайым оқиғалар, қауіпті өндірістік объектілердегі инциденттер, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру кезінде пайда болатын физикалық құбылыс;
- 1.2.6. **Пайда алушы** – Ережелерге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 1.2.7. **қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі** – үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор келтірген зиянды жеке және (немесе) занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының азаматтық заннамасында белгіленген өтеге міндеті;
- 1.2.8. **Сақтандырылуышы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 1.2.9. **Сақтануышы** – Сақтандырушымен Міндетті сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтануышы бір мезгілде Сақтандырылуышы болып табылады;
- 1.2.10. **сақтандыру төлемі** – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтануышыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 1.2.11. **сақтандыру омбудсманы** - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
- 1.2.12. **сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтандырушының Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтануышыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін Сақтануышының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 1.2.13. **сақтандыру сомасы** – міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 1.2.14. **сақтандыру жағдайы** – оның басталуына орай Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 1.2.15. **Сақтандырушы** – сақтандыру үйыми ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтануышыға немесе өзге тұлғаға (Пайда алушыға) шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті занды тұлға;
- 1.2.16. **үшінші тұлға** – өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактор зиян келтірген тұлға.
- Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қызметкерлері мен иелері үшінші тұлға болып табылмайды.

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- 1.2.17. уәкілетті орган** – өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, мемлекеттік саясатты әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ

- 2.1. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі қауіпті өндірістік фактор өзінің үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеудің қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иесінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген міндеттіне байланысты мүліктік мұддесі болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеу жөніндегі Сақтандырылуышының (Сақтандырылуышының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру жағдайы деп танылады.

4. ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТІРУ ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЪЕКТИЛЕР

- 4.1. «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздігі декларациялануға жататын объектілер қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер болып табылады.
- 4.2. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациялары тіркелген объектілер туралы мәліметтер үәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.
- 4.3. Егер объект иесінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде объект үәкілетті орган бекіткен, қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатындарға жатқызу өлшемшарттарына сәйкес келмесе, онда Сақтандыш үәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне объектідегі өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жайкүйі туралы ақпарат береді.
- 4.4. Объектінің Ережелердегі 4.3 тармақта көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі объект иесіне сақтандыру шартын мерзімімен бұрын тоқтату құқығын береді. Бұл ретте Сақтандырушының сақтандыру қолданылған мерзім ішіндегі уақытқа пропорционал сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы бар.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

- 5.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерін (бұдан әрі – «АЕК») құрайды:

Сақтандыру сомасының мөлшері	қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің салдарынан зардап шеккендердің ең жоғары ықтимал саны
5.1.1. 600 мың АЕК	4 000 (төрт мың) адамнан асса;
5.1.2. 350 мың АЕК	2 000 (екі мыңнан) асатын адамды құраса, бірақ 4 000 (төрт мың) адамнан аспаса;
5.1.3. 225 мың АЕК	1 500 (бір жарым мыңнан) асатын адамды құраса, бірақ 2 000 (екі мың) адамнан аспаса;
5.1.4. 115 мың АЕК	750 (жеті жүз елуден) асатын адамды құраса, бірақ 1 500 (бір жарым мың) адамнан аспаса;
5.1.5. 50 мың АЕК	300 (үш жүзден) асатын адамды құраса, бірақ 750 (жеті жүз елу) адамнан аспаса;
5.1.6. 30 мың АЕК	150 (жүз елуден) асатын адамды құраса, бірақ 300 (үш жүз) адамнан аспаса;
5.1.7. 12 мың АЕК	75 (жетпіс бестен асатын адамды құраса, бірақ 150 (жүз елу) адамнан аспаса;
5.1.8. 5 мың АЕК	10 (оннан) асатын адамды құраса, бірақ 75 (жетпіс бес) адамнан аспаса;

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-күкірткыштық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

5.1.9.	1 мың АЕК	10 (он) адамға дейін болса, өзге де декларацияланған қауіпті өндірістер үшін
--------	-----------	--

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ МӨЛШЕРИ

- 6.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің қауіптілік деңгейіне қарай сақтандыру сомасы мөлшерінің 0,72 пайзынан 2,02 пайзына дейінгі шекте тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.
- 6.2. Нақты объект үшін сақтандыру тарифінің шамасы жыл сайын уәкілетті орган айқындастырылған объект қауіптілігінің жалпы деңгейіне қарай белгіленеді.
- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру тарифі, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган айқындаған объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ескеріле отырып белгіленеді.
- 6.4. Декларациялауға және сақтандыруға жататын қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдар қауіптілігінің жыл сайынғы жалпы деңгейі туралы ақпаратты уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсына орналастырады немесе республикалық мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялады.
- 6.5. Объектінің жалпы қауіптілік деңгейі сақталған немесе төмендеген кезде сақтандыру сыйлықақысы осы тарауга сәйкес белгіленген сақтандыру тарифі бойынша төленеді.
- 6.6. Объект қауіптілігінің жалпы деңгейі сақтандыру тарифіне шаққандағы орташа салалық көрсеткіштермен салыстырғанда ұлғайған кезде объект қауіптілігінің жалпы деңгейі ұлғауының бір пайзы үшін он пайыз мөлшерінде арттырылып отыратын коэффициент қолданылады.
- 6.7. Арттырылып отыратын коэффициент ескерілген сақтандыру тарифінің шамасы осы тараудың 6.1-тармағында белгіленген сақтандыру тарифінің мөлшерінен аспауға тиіс.

7. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

- 7.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін он қүннің ішінде бір мезгілде төленеді.
- 7.2. Сақтандыру шарты кез келген негіздер бойынша өзгерген кезде жаңадан есептелген және бұрын төленген сақтандыру сыйлықақылары арасындағы айырма он бес қун ішінде қосымша төленуге (қайтарылуға) тиіс.
- 7.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының сақтандыру жарналарын Сақтандыру шартында айқындалған тәртіппен енгізу арқылы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу құқығы көзделуі мүмкін.
- 7.4. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Занға және Ережелерге сәйкес үшінші тұлғалардың пайдасына Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалатын шарттың негізінде жүзеге асырылады.
- 8.2. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі біреуден көп болған кезде Сақтандыру шарты объектінің барлық иелерін Сақтандырушылар ретінде сақтандыру полисінде міндетті түрде көрсете отырып, олардың кез келген біреуімен жасалады.
- 8.3. Сақтандыру шартында, моральдық зиянды, қолдан шыққан пайданы өтеу мен тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, қауіпті өндірістік фактордың үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянның зардабынан туындастырылған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға көзделеді.
- 8.4. Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Занда және Ережелерде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 8.5. Сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
- 8.6. Сақтанушының өтініші Сақтандыру шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- 8.7. Сақтандыру шартында көрсетілуге тиісті талаптардың толық еместігі үшін жауапкершілікті Сақтандырушы өз мойнына алады. Сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық еместігі салдарынан дау туындаған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 8.8. Сақтандыру шарты Сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш жасау не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу арқылы жасалуы мүмкін.
- 8.9. Егер Сақтандырушы Сақтандыру шартын Сақтанушының (Сақтандырылуышының) немесе үшінші тұлғаның жағдайын Ережелерде көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасаса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылуышының) немесе үшінші тұлғаның алдындағы міндеттемені Ережелерде белгіленген талаптар бойынша өз мойнына алады.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

- 9.1. Егер Сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты Сақтанушы бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 9.2. Сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі айдан аспайтын мерзімге жасалады.
- 9.3. Объект иесі қызметін он екі айдан аз мерзімде жүзеге асырған жағдайда, Сақтандыру шарты қызметті жүзеге асыру мерзіміне, бірақ кемінде алты айға жасалады.
- 9.4. Сақтандыру қорғанышының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
- 9.5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

- 10.1. Сақтандыру шарты:
 - 10.1.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған;
 - 10.1.2. Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған;
 - 10.1.3. Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайларда тоқтатылды деп саналады.
- 10.2. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың тәртібі, талаптары мен салдары Қазақстан Республикасының азаматтық зандарына сәйкес айқындалады.

11. САҚТАНУШЫНЫҢ, САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ, ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

- 11.1. Сақтанушы құқылы:**
- 11.1.1. Сақтандырушыдан объектилер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
 - 11.1.2. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуга;
 - 11.1.3. келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және Сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;
 - 11.1.4. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуга;
 - 11.1.5. Сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру ережесінің 17 тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотка жүгінуге;
 - 11.1.6. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
 - 11.1.7. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектидегі сақтандыру тәуекелін азайтуға әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар өзгерген жағдайда (сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы немесе ол басталған кезде болуы мүмкін зиян мөлшері), Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап етуге;
 - 11.1.8. Занда және Ережелерде көзделген жағдайларда және тәртіппен сақтандыру төлемін алуға;
 - 11.1.9. Қазақстан Республикасының заннамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді орындауға.

11.2. Сақтанушы міндетті:

- 11.2.1. сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жасауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- 11.2.2. Шарт жасалған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде бұл туралы уәкілетті органды хабардар етуге;
- 11.2.3. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың бұрынғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері мен Сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтер туралы ақпаратты беруге;
- 11.2.4. үш жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға және құзыретін негізге ала отырып уәкілетті мемлекеттік органдарға мән-жайлардың өзгергені туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, хабарлауға;
- 11.2.5. Сақтандырушыға және құзыретін негізге ала отырып мемлекеттік органдарды сақтандыру тәуекелін едәуір ұлғайты мүмкін, қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде жоспарланып отырган жаңғырту және (немесе) қайта бейінде туралы хабарлауға;
- 11.2.6. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерін болғызбау жөніндегі қажетті және мүмкін болатын шараларды қолдануға;
- 11.2.7. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда бұл туралы дереу, бірақ үш күннен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға;
- 11.2.8. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиянды әсері түндаған кезде болуы мүмкін шығындарды болдырмау немесе азайту, соның ішінде мүліктерді аман алғы қалу және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету жөнінде қалыптасқан жағдайдағы ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды қолдануға;
- 11.2.9. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі апаттың, оқиғаның түндау себептері мен өзге де мән-жайларға өз бетінше зерттең-тексеру жүргізу мүмкіндігімен Сақтандырушының өкілін қамтамасыз етуге;
- 11.2.10. закымданған мүліктің және бұлғын аймагының олардың сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі қүйінде Сақтандырушының өкілі қарағанға дейін сақталуын (егер бұл қауіпсіздік мұдделеріне қайшы келмесе немесе зиян мөлшеріне әсер етпесе) қамтамасыз етудің мүмкін болатын барлық шараларын қолдануға;
- 11.2.11. Сақтандырушыға барлық қолда бар қажетті ақпарат (қажет болған кезде - жазбаша түрде) пен сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы және салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы талқылауға мүмкіндік беретін құжаттарды беруге;
- 11.2.12. қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеу туралы талап немесе талап-арыз қойылғаны жөнінде өзіне белгілі болғанда, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға;
- 11.2.13. келтірілген зиян үшін жауапты тұлғага қойылатын кері талап құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 11.2.14. Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауга.

11.3. *Сақтандырушы құқылы:*

- 11.3.1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Ережелерге сәйкес Сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың бұрынғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты беруін талап етуге;
- 11.3.2. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тартуға;
- 11.3.3. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретін негіздей отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 11.3.4. үшінші тұлғалардың закымданған мүлкін және бұлғын аймагын қарап тексеруге қатысуга және қарап тексеру актілеріне қол қоюға;
- 11.3.5. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі сақтандыру тәуекелін (сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығы немесе ол басталған кезде болуы мүмкін зиян мөлшері) ұлғайтуға әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар өзгерген жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуін талап етуге;
- 11.3.6. келтірілген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда Сақтанушының (Сақтандырылушының) атынан және оның тапсырмасы бойынша өкілдік етуге;
- 11.3.7. Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша Пайда алушылар ұсынатын талап-арыздарға қатысты оның атынан сотта іс жүргізуі өзіне қабылдауға құқылы. Алайда,

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-күқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- Сақтандырушының бұл іс-әрекеттері оның сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі өз міндеттің мойындауы деп бағалануға тиіс емес;
- 11.3.8. зиян келтірілгені үшін жауапты тұлғага кері талап қоюға;
- 11.3.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді орындауга.
- 11.4. Сақтандыруши міндетті:**
- 11.4.1. Сақтанушыны (Сақтандырылушины) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен таныстыруға, Сақтандыру шартынан туындастын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 11.4.2. Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) сақтандыру полисін ресімдеуге;
- 11.4.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде Занда және Ережелерде көзделген тәртіппен және жағдайда сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 11.4.4. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандыруши өтеуге тиісті зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;
- 11.4.5. сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға (Пайда алушыға) бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда жіберуге;
- 11.4.6. сақтандыру күпиясын қамтамасыз етуге;
- 11.4.7. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде Сақтанушының (үшінші тұлғаның, Пайда алушының) талаптарын карауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 11.4.8. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті;
- 11.4.9. Сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жасауга
- 11.5. Үшінші тұлғалар құқылы:**
- 11.5.1. қауіпті өндірістік факторлардың өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерінің салдарынан болған сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушиға хабарлауға;
- 11.5.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтандырушиға табыс етуге;
- 11.5.3. келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапши көрсететін қызметтерді пайдалануға;
- 11.5.4. келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысуға;
- 11.5.5. сақтандыру төлемін Ережелерде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде алуға;
- 11.5.6. объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін Сақтандыру ережесінің 17 тарауында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушиға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 11.5.7. өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандыруши, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;
- 11.5.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte Сақтандырушиның сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешімімен келіспеуге;
- 11.5.9. келтірілген зиянды келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемдерінің сомасынан асатында мөлшерде өтеу туралы Сақтанушыға талап қоюға.
- 11.5.10. Ережелердің 11.5-тarmaғында белгіленген үшінші тұлғалардың құқықтары заңдарда көзделген жағдайларда өзге тұлғаларға (Пайда алушыларға) ауысады.

12. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫНЫҢ МӨЛШЕРИ

- 12.1. Сақтандыруши немесе тәуелсіз сарапши сақтандыру сомасының мөлшерін апattyң, оқиғаның себептерін тексеру актісінің, сот шешімдерінің және келтірілген зиянның мөлшері туралы деректер қамтылған басқа да материалдардың негізінде айқындаиды.

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-күккілтік жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- 12.2. Эрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру сомасының мөлшері Заңда және Ережелерде республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленеді және:
- 12.2.1. **қаза тапқан кезде – 1000;**
- 12.2.2. **мугедектік белгіленген кезде:**
- | | |
|------------------|-----|
| I топтағыларға | 800 |
| II топтағыларға | 600 |
| III топтағыларға | 500 |
| Мүгедек балага | 500 |
- 12.2.3. **мертігу, жарақаттану немесе денсаулықтың өзге де зақымдануы кезінде мугедектік белгіленбей** - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге жұмсалған іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспайтында мөлшерді құрайды. Бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері әрбір стационарлық емделу күні үшін кемінде 2 АЕК құрауға тиіс.
- 12.3. Мұлік зақымданған кезде келтірілген зиянның мөлшері оны қалпына келтіру құнының есебі негізге алынып, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін мұліктің орын алған тозуы ескеріле отырып айқындалады.
- 12.4. Мұлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған кезде қолданылған орташа нарықтық баға мен тарифтер негізінде айқындалады.
- 12.5. Мұлік жойылған кезде келтірілген зиянның мөлшері мұліктің нақты құны негізге алынып, мұліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі тозуы ескеріле отырып айқындалады.
- 12.6. Мұлікті қалпына келтіру техникалық жағынан мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негіzsіз болса, ол жойылды деп есептеледі. Мұлікті қалпына келтіру, егер бұл ретте күтілетін шығыстар (қалпына келтіру құны) оның сақтандыру жағдайы басталған күнгі есептелген тозуын ескере отырып, мұліктің нақты құнының сексен пайзынан асып кетсе, экономикалық тұrғыдан негіzsіз деп есептеледі.
- 12.7. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде әрбір үшінші тұлғаның мұлкіне келтірілген зиянның мөлшерін Сақтанушының (Сақтандырылуышының) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның өтініші бойынша Сақтандырушы айқындалады. Келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды қажет болған кезде тәуелсіз сарапшы жүргізуі мүмкін. Келтірілген зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда тараптар өзгеше дәлелдеуге құқылы.
- 12.8. Сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға келтірілген залалдың (нақты зиянның) мөлшерінен аспауға тиіс.
- 12.9. Эрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі Ережелердің 12.2-тармағында белгіленген мөлшерде жүзеге асырылады.
- 12.10. Сақтандырушы келтірілген зиянның мөлшерін айқындау мақсатымен қосымша тексеру жүргізуге құқылы. Осыған байланысты ол мемлекеттік органдардан апатты, оқиғаны техникалық тексеру материалдарын, зиян келтіруге байланысты құжаттарды, медициналық құжаттарды, шығын болған (бұлғын, жойылған) мұліктің құны, жүргізілген жұмыстардың, келтірілген шығындардың құны туралы талқылауға мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды талап етуге құқылы.
- 12.11. Сақтандыру төлемдері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының шегінде жүргізіледі.
- 12.12. Ушінші тұлғаларға келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жетіспеген кезде Сақтандырушы Ережелердің 14.5-тармағында көзделген тәртіппен Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асырады. Бұл ретте Пайда алушы келтірілген зиянды келтірілген зиянның сомасы алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асатында мөлшерде өтету туралы тікелей Сақтанушыға (Сақтандырылуышыға) талап қоюға құқылы.
- 12.13. Объектілер иелерінің азаматтық-күккілтік жауапкершілігі бірнеше Сақтандырушыда сақтандырылған кезде әрбір Сақтандырушы өзімен жасалған шарт шегінде Сақтанушының алдында жауапкершілікте болады, алайда Сақтанушының (Пайда алушының) барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты зияннан аспауға тиіс.
- 12.14. Бұл ретте Сақтанушы өзімен жасалған шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде кез келген Сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алуға құқылы. Егер алынған сақтандыру төлемі нақты зиянды жаппаған жағдайда, Сақтанушы жетпейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-күкірткыштық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- 12.15. Сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінара босатылған Сақтандырушы келтірілген зиянды басқа Сақтандырушылардың өтегеніне орай, Сақтанушыға шеккен шығыстарды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін қайтаруға міндетті.
- 12.16. Келтірілген зиянды басқа тұлғалар да өтеген жағдайларда, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемінің сомасы мен басқа тұлғалар өтейтін соманың арасындағы айырманы ғана төлейді. Сақтанушы өзіне белгілі болған, басқа тұлғалардың үшінші тұлғаларға зиянды өтеуге жүргізген төлемдері туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 12.17. Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру жағдайында залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын да, егер мұндай шығыстар қажет болса және (немесе) Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, өтеуге міндетті. Аталған шығыстарды өтеуді Сақтандырушы тиісті шығындар туралы актіні алған күннен бастап, бірақ сақтандыру төлемдері жүзеге асырылғаннан кейін, отыз күн ішінде жүргізеді.
- 12.18. Сақтанушының аталған шығыстары нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайтында болып өтеледі. Егер шығыстар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерде өтеледі.
- 12.19. Жәбірленуші қайтыс болып, оның мұрагерлері жоқ болған жағдайда, жәбірленушіні жерлеген тұлғаға Сақтандырушы жерлеуге қажетті шығыстарды нақты жұмсалған шығындар мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының шегінде өтейді.

13. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

- 13.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы (Сақтандырылуши) не Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға мынадай құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда ұсынады:

 - 13.1.1. Пайда алушының келтірілген зиян мен оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса тіркең, зиянды өтеу туралы Сақтандырушы мойындаған талаптары немесе қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды өтеу туралы занды қүшіне енген сот шешімі;
 - 13.1.2. зиянды болдырмау немесе мөлшерін азайту жөнінде шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (болған жағдайда).

- 13.2. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде қоса беріле отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын Сақтандырушының тұрған жері бойынша ұсынудан босатпайды.
- 13.3. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы табыс етілген құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.
- 13.4. Сақтанушы (Сақтандырылуши, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

- 14.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтанушыдан (Сақтандырылушидан) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғадан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттар қабылдауын талап етуге құқылы емес.
- 14.2. Үшінші тұлға (ал ол қайтыс болған жағдайда - оның қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге Қазақстан Республикасының заңына сәйкес құқығы бар тұлға) немесе келтірілген зиянды Сақтандырушының Заңмен белгіленген жауапкершілігінің шегінде үшінші тұлғаға (зиянды өтеуге құқығы бар тұлғаға) өтеген және сақтандыру төлемін алуға құқық алған өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.
- 14.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін Ережелердің 13-тaraуында көзделген құжаттарды алған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей жүргізеді.
- 14.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаган жағдайда Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

- 14.5. Қауіпті өндірістік фактор үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мұлкіне келтірген, сақтандыру жағдайы деп Сақтандырушы таныған немесе соттың шешімімен танылған зиянды өтеу туралы өтініштерді қанағаттандыру олардың тұсу ретімен, ал бірнеше өтініш бір мезгілде түскен кезде мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

 - 14.5.1. бірінші кезекте жеке тұлғалардың өміріне және денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;
 - 14.5.2. екінші кезекте жеке тұлғалардың мұлкіне келтірілген зиян өтеледі;
 - 14.5.3. үшінші кезекте занды тұлғалардың мұлкіне келтірілген зиян өтеледі.

15. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

- 15.1. Егер сақтандыру жағдайы:
 - 15.1.1. қажетті қорғану мен аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 15.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы.
- 15.2. Егер сақтандыру жағдайы:
 - 15.2.1. әскери іс-қымылдар;
 - 15.2.2. азаматтық соғыс, халықтың кез келген толқулары, жаппай тәртіпсіздік немесе ереуілдер салдарынан болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан босатылады.
- 15.3. Сақтандырушиның сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз болуы мүмкін:
 - 15.3.1. Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан артық зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
 - 15.3.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғаның залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;
 - 15.3.3. Сақтандырушига сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарламау.
- 15.4. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды және отыз күн ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) және (немесе) Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарлайды.
- 15.5. Сақтандырушиның сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы (Сақтандырылуши) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сотқа шағым жасауы мүмкін.

16. ЗИЯН КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.

- 16.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырган Сақтандырушиның:
 - 16.1.1. Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттер жасаған;
 - 16.1.2. Сақтанушы (Сақтандырылуши) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттер жасаған;
 - 16.1.3. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) зиянды азайту жөнінде ақылға қонымды және қолдан келетін шараларды қасақана қолданбауы салдарынан оның мөлшері ұлгайған;
 - 16.1.4. Сақтанушы (Сақтандырылуши) Сақтандырушыға сақтандыру объектісі туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлаған;
 - 16.1.5. Сақтанушы (Сақтандырылуши) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартқан, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартқан жағдайларда төленген сома шегінде Сақтанушыға кері талап қоюға құқығы бар.
- 16.2. Сақтанушының (Сақтандырылушиның) Сақтандыру шарты бойынша өтелген, келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы төленген сома шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асырган Сақтандырушыға ауысады.
- 16.3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырган Сақтандырушы, қасақана іс-әрекеттерді қоспағанда, қызметтік, лауазымдық немесе өзге де енбек міндеттерін бұзыу қауіпті

Кызметі үшін тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты обьектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі

өндірістік фактордың туындауына себеп болған олардың қызметкерлеріне кері талап қоюға құқылы емес.

17. ҚЫЗМЕТІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ЗИЯН КЕЛТИРУ ҚАУПІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОБЬЕКТІЛЕР ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

- 17.1. Объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын дау болған кезде Сақтанушы (үшінші тұлға, Пайда алушы):
- 17.1.1. талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса берे отырып, Сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жазбаша өтініш жіберуге не
- 17.1.2. объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындаитын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандыруши, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберуге құқылы.
- 17.2. Сақтандыруши Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.
- 17.3. Сақтанушы (үшінші тұлға, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандыруши Сақтанушының (үшінші тұлғаның, Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешүге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

18. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 18.1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыруши мен Сақтанушы арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі.
- 18.2. Келісімге келмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

19. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

- 19.1. Ережелермен келісілмеген барлық жағдайлар Сақтандыру шартымен, Полиспен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

SHOK

Сертифайд | надежное
сакчандару | страхование

Ілінген жөне номірлеңген
Параскір саны:

Ф.И.О:
Корбай

